

**Сарыағаш аудандық Қоғамдық кеңесі мүшелігінен шығып қалған азаматтың  
орнына сайлауға конкурс өткізу туралы  
ХАБАРЛАНДЫРУ**

Сарыағаш аудандық Қоғамдық кеңесі мүшелігінен шығып қалған 1 азаматтың орнына оның өкілеттігінің қалған мерзіміне сайлау туралы коммерциялық емес ұйымдар өкілдері, азаматтар арасында 1 орынға конкурс жариялайды.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидатураларды коммерциялық емес ұйымдар, азаматтар ұсынуы, оның ішінде өзін-өзі ұсынуы мүмкін.

Осы ұсынысын жолдайтын әрбір коммерциялық емес ұйым кандидат ұсына алады.

Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған азаматы, Сарыағаш ауданы шегінде тұратын әрбір азамат Қоғамдық кеңесінің мүшелігіне кандидат бола алады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидатқа Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес мына талаптар қойылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы болмауға;

2) сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танылмаған болуға;

3) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрмауға тиіс.

Коммерциялық емес ұйымдар, азаматтар конкурсқа қатысу үшін аудандық Қоғамдық кеңеске: Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 10-бабы 2-тармағына сәйкес мына талаптар қойылады:

1) кандидатураны Қоғамдық кеңеске құрамына ұсыну туралы комерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) азаматтың өтініші;

2) кандидаттың өмірбаян деректерін көрсете отырып, кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;

3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама;

4) психикалық, мінез- құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама ұсынылады

Ұсыныстарды қабылдау 2021 жылдың 11- маусымнан 25-маусымды қоса алғанда дүйсенбі мен жұма аралығында сағат 09.00-ден бастап, 19.00-ге дейін жүргізіледі, үзіліс 13.00-ден 15.00 сағатқа дейін. Мекен жай: Сарыағаш қаласы, С.Исмайлов көшесі №29а Кәсіпкерлік палатасының 1-этажында, Байланыс телефоны: 2-10-95. Электронды мекен жай: [maslihat\\_2010@mail.ru](mailto:maslihat_2010@mail.ru)

Конкурсқа қатысу үшін кандидатуралар бойынша ұсыныс енгізу тәртібі жөнінде қосымша ақпаратты және ұсынылатын құжаттар үлгілерін тікелей Қоғамдық кеңеске 2-10-95 телефоны бойынша аудандық қоғамдық кеңес хатшысы Бейсенбай Жандос Анарбекұлынан сондай-ақ аудандық мәслихат сайтынан ([www.Saryagashmaslihat.gov.kz](http://www.Saryagashmaslihat.gov.kz)) алуға болады.

**Сарыағаш аудандық  
Қоғамдық кеңесінің төрағасы**

**С.Жиенбаев**